

## Кеден тасымалдаушысы туралы Ережені бекіту жайында

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті 1995 жылғы 25 қыркүйек N 125-П. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 26 қазанда N 118 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 288 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 20 шілдесіндегі N 2368 Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының ережелерін жүзеге асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса тіркеліп отырылған кеден тасымалдаушысы туралы Ереже бекітілсін.

2. Кеден органдарының бастықтары осы бұйрықтың күшіне енген күнінен бастап екі ай мерзім ішінде кеден органының қызмет аймағында орналасқан көлік ұйымдарына ең болмағанда бір кәсіпорынның кеден тасымалдаушысы ретінде жұмыс істеуін ескере отырып, бекітілген Ережені түсіндіру бойынша қажетті шараларды қолдансын.

3. Кеден бақылауын ұйымдастыру басқармасы (Качкаев) облыстар бойынша кеден басқармаларымен бірлесе отырып:

- Кеден комитетінің автоматтандыру және кеден статистикасы басқармасымен (Грязнов) бірлесе отырып, кеден тасымалдаушыларының республикалық және аймақтық және аймақтық тізімдерін жүргізсін;

- жүйелі түрде (үш ай сайын бір реттен кем емес) орналасқан орнын көрсете отырып, кеден тасымалдаушыларының тіркелген тізімін жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Кеден органдары бастықтары:

- Кеден комитетіне (кеден бақылауын ұйымдастыру басқармасы) ресімделген күнінен бастап үш күн мерзім ішінде кеден тасымалдаушыларының тіркеу карточкаларының көшірмелерін жіберуді қамтамасыз етсін;

- кеден тасымалдаушылары акцизделетін тауарларды тасымалдау туралы шешім қабылдаған кезде осындай тауарларды тасымалдауға, егер кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензияда және кеден тасымалдаушының тіркеу карточкасында көрсетілген қамсыздандыру сомасы кеден тасымалдаушысы туралы Ереженің 2.1. тармағының 2 тармақшасында көрсетілген мөлшеріне тең немесе асып кеткен жағдайда ғана рұқсат етіледі.

5. Кеден органдарын қаржыландыру және материалдық-техникалық

жабдықтау басқармасы (Мұхамедов) бір ай мерзім ішінде:

- Кеден комитетін кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензияларын бланкілерімен;

- кеден органдарын кеден тасымалдаушысының тіркеу карточкалары бланкілерімен қамтамасыз етсін.

6. Кеден комитетінің баспасөз қызметі (Мұратбаева) бұқаралық ақпарат құралдарында осы Бұйрықты жариялауға кіріссін.

7. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті Төрағасының орынбасары В.В.Шклярға жүктелсін.

Төраға

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

М и н и с т р л е р

К а б и н е т і

ж а н ы н д а ғ ы

К е д е н

к о м и т е т і н і ң

1 9 9 5

ж ы л ғ ы

2 5

қ ы р к ү й е к т е г і

№

1 2 5 - П

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

## **Кеден тасымалдаушысы туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

1.1. Кеден тасымалдаушысы деп Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылдың 20 шілдесіндегі № 2368 "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығына (бұдан әрі - Жарлық) және осы Ережеге сәйкес кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдауды жүзеге асырушы т а с ы м а л д а у ш ы т а н ы л а д ы .

1.2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитетінің (бұдан әрі мәтін бойынша - Кеден комитеті) кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензиясын алған заңды тұлға құқығы бар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған ұйым (бұдан әрі - ұйым ) к е д е н т а с ы м а л д а у ш ы с ы б о л а а л а д ы .

1.3. Кеден тасымалдаушысы кеден бақылауындағы тауарларды кедендік алып жүрусіз және кеден төлемдері мен салықтарды (тауарларға және көлік құралдарына кепілді, үшінші адамның кепілінсіз, тиесілі сомаларды депозитке өндірусіз) төлеуді қамтамасыз етпей-ақ тасымалдауға құқылы.

1.4. К е д е н т а с ы м а л д а у ш ы с ы :

- аймақтық (тек бір ғана кеден басқармасы аймағында кеден

тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыру кезінде);  
- республикалық (Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыру кезінде) болуы мүмкін.

## 2. Лицензия беру тәртібі

2.1. Кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензия алу ү ш і н :

1) Жабдықтау Кеден комитетінің 1995 жылдың 25 қыркүйегіндегі 124 N - П Бұйрығымен (бұдан әрі - жабдықтау Ережелері) бекітілген кеден мөрлерімен және қорғасын таңбаларымен тауарларды тасымалдау үшін көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау Ережелеріне сәйкес келетін, техникалық себептер бойынша осындай көлік құралдарында тасымалдана алынатын, тек қана солармен тасымалдануы тиісті тауарларды ескере отырып, ұйым тұрған қызмет аймағындағы кеден органдарында анықталатын көлік құралдарының бар болуы:

2) Өз қызметін қамсыздандыруға шарт жасауы қажет. Әрбір қамсыздандыру жағдайына байланысты кеден органдарының алдында жауап беруді қамсыздандыру бойынша қамсыздандыру сомасы:

а) Қазақстан Республикасында акциз салынбайтын тауарларға қатысты 50000 Э К Ю - д е н ;

б) Қазақстан Республикасында акциз салынатын тауарларға қатысты 100000 Э К Ю - д е н а з б о л м а у ы к е р е к .

3) Жабдықтау ережелеріне сәйкес кеден тасымалдаушысы тіркелген кеден органы қызмет аймағындағы кедендік ресімдеу орнына 24 сағат ішінде ең болмағанда бір көлік құралының келуін қамтамасыз ететіндей сандық мөлшерде жабдықталған көлік құралдарын өз меншігінде немесе толық шаруашылығында иемденуге не кемінде үш жылдық мерзімге жалдауы қажет. Мұнда жалдаудың күші бар мерзімі лицензияның күші бар мерзімін толық қамтуы тиіс.

4) мөлшерін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті анықтайтын лицензияны бергені үшін алымды төлеуі қажет;

5) өз меншігінде немесе толық шаруашылығында бухгалтерлік есеп бойынша қолданылып жүрген нормативті актілерге сәйкес негізгі қорлар (қаржылар) ретінде ескертілетін, баланс құны кемінде:

- аймақтық кеден тасымалдаушысы ретінде болжамдалынған қызметін жүзеге асыру жағдайына - 250000 Э К Ю ;

- республикалық кеден тасымалдаушысы ретінде болжамдалынған қызметін жүзеге асыру жағдайында - 500000 Э К Ю осындай қорларды (қаржыларды) - ғимараттар, құрылғылар, машиналар және құрал-жабдықтар, көлік құралдары және өзге заттарды иемденуі қажет.

2.2. Кеден тасымалдаушысы лицензиясын алу үшін ұйым Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне өтінішпен қайырылуға тиісті.

2.3. Өтініште ұйымның толық және қысқартылған заңдық атауы, ЖКҰЖ коды, заңдық және іс жүзіндегі мекен-жайы, мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің тіркеу нөмірі, сұралынған мәртебесі, қолда бар көлік құралдарының түрі және саны, банктердегі теңгелік және валюталық шоттарының нөмірлері, осы банктердің атауы, мекен-жайы және ЖКҰЖ кодтары, ұйымның өз міндетіне алған 24 сағат ішінде ең болмаса бір көлік құралының келетін елді мекендердің (егер кедендік ресімдеу орны елді мекеннен, ірі қалалардың аудандарынан тыс жерлерде болса, аудандардың) тізбесі, және лицензия беру туралы шешімді қабылдау үшін пайдалануы мүмкін өзге мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Өтініштің үлгісі N 1 Қосымшада келтірілген.

2.4. Өтінішке төмендегі құжаттар:

- ұйымның құру және тіркеу құжаттарының көшірмелерін (жарғы, құру шарты, мемлекеттік тіркеу туралы және т.б.)

- тасымал қызметін (көлік-экспедиторлық) қызметті (темір жол тасымалдарын қоспағанда); жүзеге асыруға лицензияның көшірмесі;

- кеден мөрлері және қорғасын мөртаңбаларымен тауарларды тасымалдау үшін көлік құралдарының жіберілуі туралы куәліктердің көшірмелері;

- меншіктік, шаруашылықты толық жүргізуге немесе көлік құралдарына қатысты үш жылдан кем емес мерзімге жалдауға құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

- қамсыздандыру куәлігінің (полистің, сертификаттың) көшірмесі;

- кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензияны бергені үшін алымның төленгенін растайтын төлем құжаты;

- ұйымда уәкілдігі бар ұйым (салық инспекциясы, аудиторлық ұйым, мемлекеттік немесе муниципалдық мүлікті басқару жөніндегі орган) куәлендірген, белгіленген мөлшерден кем емес негізгі қорлардың (қаржылардың) барын растайтын құжат тіркеледі.

Ұсынылатын құжаттардың көшірмелерін ұйым басшылығы және бас (аға) бухгалтер куәлендіруі тиіс.

2.5. Кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруды болжамдайтын ұйымнан сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне осы ұйымның қызмет аймағында орналасқан кеден органынан қатынас талап етіледі.

Мұндай қатынаста кеден органы ұйым ұсынған мәліметтерді растайды, көлік құралдарының техникалық жағдайына сипаттама береді, кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензия берудің мүмкіндігі және мақсаттылығы туралы қорытындысын баяндайды.

Кеден органы ұйымға оның жазбаша өтініші бойынша өз қатынасын береді.

Өтініш оны алған күннен бастап 30 күн ішінде қаралуы тиісті.

Кеден органының онда баяндалған қорытындыға қарамай-ақ қатынасты беруден бас тартуға құқысы жоқ.

2.6. Кеден комитеті өтінішті алған күннен бастап 30 күн ішінде қарайды.

Көрсетілген мерзімде Кеден комитеті ұйым мәлімдеген мәліметтердің осы Ереженің талаптарына сәйкес келуін тексереді.

Кеден комитеті мемлекеттік ұйымдардан, банкілерден, өзге ұйымдардан ұсынылған мәліметтерді растайтын қосымша құжаттарды сұрауға құқылы. Мұндай жағдайда өтінішті қарау мерзімі осы құжаттардың түскен күнінен бастап е с е п т е л і н е д і .

Өтінішті қараудың жалпы мерзімі екі айдан аспауы тиіс.

2.7. Кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензия екі данада ресімделеді, оның біреуі Кеден комитетінде қалады. Лицензияның нысаны N 2 Қосымшада келтірілген. Лицензияның бланкілері есеп берудің қатаң қаржы құжаттары болып табылады.

2.8. Егер мәлімделген мәліметтер толық емес немесе жалған болатын, егер ұйым осы Ереженің талаптарына жауап бере алмайтын жағдайларда, сондай-ақ бас тарту үшін жеткілікті негіз болған өзге де жағдайларда лицензия беруден бас т а р т ы л у ы м ү м к і н .

Лицензия беруден бас тарту кезінде Кеден комитеті бас тарту себебін баяндай отырып, бұл туралы ұйымды хабардар етеді.

2.9. Лицензия беруден бас тарту туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағым берілуі мүмкін.

2.10. Лицензияның күші бар мерзімі - 3 жыл.

2.11. Кеден тасымалдаушысы Кеден комитеті куәлендірген лицензияның көшірмелерін аймағында кеден тасымалдаушысы өзінің қызметін жүзеге асыруға құқылы барлық кеден органдарына жібереді.

### **3. Лицензияны қайтарып алу немесе күшін кідірту**

3.1. Кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензияны Жарлыққа сәйкес кеден органының өтініші бойынша Кеден Комитеті қайтарып алуы не оның күшін кідіртуі мүмкін.

Кеден ережелерін бұзғандығы үшін жазалау шарасы ретінде лицензияны Жарлыққа сәйкес кеден органы бастығының өтініші бойынша Кеден комитеті қ а й т а р ы п а л у ы м ү м к і н .

3.2. Лицензия мына жағдайларда:

1) егер ол мәлімдеуші көрсеткен толық емес немесе жалған мәліметтер негізінде берілсе ;

2) тауарларды және олардың құжаттарын тасымалдауға негізделмеген бас тартуларды, Жабдықтау ережелеріне сәйкес жабдыкталмаған көлік құралдарын пайдалануды және көрсетілетін қызметтің орташа құнының мөлшеріне сәйкес емес тасымалдау ақысын белгілеуді қосқанда кеден тасымалдаушысының міндеттері бірнеше рет орындалмаса;

3) кеден ісі саласында құқықтардың бұзылуы;

4) тауарларды және олардың құжаттарын жіберушіге сотпен айқындалғандай, оның ішінде коммерциялық құпияны немесе жасырын ақпаратты құрайтын мәліметтерді заңсыз пайдалану жолымен айтарлықтай жолсыз зиян келтірсе;

5) кеден тасымалдаушысы лицензияны беру шарттарын сақтамаса, оның ішінде егер қамсыздандыру сомасы осы Ереженің 2.1. тармағының 2 тармақшасында көрсетілгеннен аз болса, ал тасымалдаушы аталған тармақшаның шарттарына жауап беретін өз қызметін қамсыздандырудың жаңа шартын ж а с а м а с а .

б) кеден тасымалдаушысы шамасы келмейді деп танылса не оның шамасы келмейтіндігі жарияланса қайтарылып алынады.

Лицензия сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес кеден ережелерін бұзғаны үшін өндіріп алу шарасы ретінде кері қайтарып алынуы мүмкін.

Кері қайтарылып алу туралы шешім лицензияны берген күннен ал лицензияны кеден ережелерін бұзғаны үшін өндіріп алу шарасы ретінде кері қайтарып алу - істі орындау бойынша қаулы алынған күннен бастап қ о л д а н ы л а д ы .

3.3. Лицензияның күші кеден тасымалдаушысы өзінің құқығын теріс пайдаланды деп ойлауға жеткілікті негіз бар кезде үш ай мерзімге дейін к і д і р т і л у і м ү м к і н .

Лицензияның күшін кідірту кезінде ұйымның кеден тасымалдаушысы ретінде жаңа тасымалдарды немесе кеден бақылауындағы өзге де тауарларды тасымалдауды бастауға және кідірту мерзімі ішінде өзінің коммерциялық қызметінде "кеден тасымалдаушысы" атауын пайдалануға құқысы жоқ.

3.4. Лицензияның күшін кідірту кеден органы бастығының өтініші бойынша Кеден комитеті басшылығының өкімімен ресімделеді. Осы өкімде осындай шешімнің себептері міндетті түрде көрсетіледі.

Лицензияны қайтарып алу кеден органы бастығының өтініші бойынша Кеден комитеті басшылығының өкімі не кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша өндіріп алу жазасын қолдану туралы қаулысы нысанында ресімделеді.

3.5. Лицензияны кері қайтарып алу кезінде тасымалдаушы шешім қабылдаған күннен бастап он бес күннен кешіктірмей оны осындай шешім қабылдаған кеден органына беруі тиіс. Лицензияны кеден ережелерін бұзғаны үшін өндіру шарасы

ретінде кері қайтарып алу кезінде көрсетілген мерзім ол туралы қаулының берілген немесе жіберілген күнінен бастап, ал осындай қаулыға шағым жасау немесе қарсылық білдіру жағдайында шағымды немесе немесе қарсылықты қанағаттандырусыз қалдырғаны туралы шешім шығарылған күнінен бастап е с е п т е л е д і .

3.6. Лицензияның күші кідірілгеннен кейін оның күшін қалпына келтіру үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті белгілеген мөлшерде алым а л ы н а д ы .

3.7. Лицензияны беру туралы екінші рет берілген өтініш лицензияны кері қайтарып алу туралы шешім шыққан күннен бастап, оны кері қайтарып алуға негіз болған себептерді болдырмаған жағдайда бір жыл толғанда ғана қаралуы м ү м к і н .

3.8. Лицензияны кері қайтарып алу не күшін кідірту кезінде лицензияны бергені үшін және оның күшін қалпына келтіргені үшін алымдар қайтаруға ж а т п а й д ы .

3.9. Лицензияны кері қайтарып алу немесе күшін кідірту кезінде Кеден комитеті бұл туралы кеден тасымалдаушысы тіркелген аймақта орналасқан кеден органдарын хабардар етеді.

#### **4. Кеден тасымалдаушысын тіркеу.**

4.1. Лицензияны берген Кеден комитеті 24 сағат ішінде ең болмаса бір көлік құралының келуін қамтамасыз етуге дайындығы туралы тасымалдаушының өтініші негізінде бұл жайлы қызмет аймағы тасымалдаушы көрсеткен елді-мекендерде (аудандарда) орналасқан кеден органдарын хабардар етеді.

4.2. Кеден тасымалдаушысы лицензияны берген күннен бастап екі апта ішінде өз функцияларын орындауды қалайтын қызмет аймағындағы кеден органдарында тіркелуге міндетті.

4.3. Кеден органдары кеден тасымалдаушыларын тіркеуді (оның ішінде кеден тасымалдаушысы орналасқан орыннан басқа жерде орналасқан кеден тасымалдаушысының жеке құрылымдық бөлімшелері үшін жеке тіркеуді) N 3 Қосымшада белгіленген нысан бойынша тіркеу карточкаларын жүргізу жолымен жү р г і з е д і .

4.4. Кеден тасымалдаушысының әрбір көлік құралына кеден органы куәлендірген тіркелген карточканың көшірмесі беріледі.

Тіркеу карточкасының көшірмесін кеден тасымалдаушысы ретіндегі кәсіпорын тауардың әрбір тасымалы сайын жөнелтуші кеден органына көрсетеді.

4.5. Кеден органдары тіркелген кеден тасымалдаушыларының тізбесін өздері

орналасқан және кедендік ресімдеу орындарында жалпыға ортақ танысу үшін  
ұ с ы н а д ы .

4.6. Кеден тасымалдаушысы тіркеу кезінде кеден органымен бірлесе отырып, көлік құралының келу қажеттілігі туралы хабардар ету тәртібін анықтайды, сондай-ақ олардың кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдау есебін жүргізетін кеден органын көрсетеді.

## **5. Кеден тасымалдаушысының міндеттері**

### **5.1. Кеден тасымалдаушысы:**

- қалыпты тасымалдау, сақтаудың кезінде табиғи тозуы немесе кемуі салдарынан өзгерістерді қоспағанда, әкелуден басқа жөнелтуші кеден органы анықтаған орынға жеткізуді қоспағандағы өзге мақсаттарға пайдаланбай, тауарларды және олардың құжаттарын орамдары және жай-күйлері ешқандай өзгеріссіз жеткізуге және келгеннен кейін осы орында болуға;

- тауарларды және құжаттарды жеткізудің және қозғалыс бағытының жөнелтуші кеден органы белгілеген мерзімін сақтауға. Жеткізу мерзімі көлік құралының, белгіленген бағыттың және тасымалдың басқа да шарттарының мүмкіндігін ескере отырып, бірақ бір айда екі мың шақырым есебінен белгіленген шектеулі мерзімінен аспайтын, әдеттегі мерзімге сәйкес белгіленеді;

- кеден бақылауындағы тауарлармен бір мезгілде басқа тауарларды т а с ы м а л д а у ғ а ;

- тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуге;

- жіберілген кеден органына тауарларды беруге және құжаттарды тапсыруға, ал осы кеден органының талап етуі бойынша тауарларды іс жүзінде көрсетуге;

- кеден органы жұмысынан тыс уақытта жіберілген орынға келген тауарларды кеден бақылауы аймағында орналастыруға;

- жіберілген кеден органының рұқсатынсыз тауарларды жеткізгеннен кейін оларды қараусыз қалдырмауға, тұрған аялдамасын өзгертпеуге, тауарларды түсірмеуге не артық салмауға, тауарлардың бастапқыда тұрған орнын өзгертпеуге, орамдарын ашпауға, тауарларды орамау және қайта орамауға, кедендік теңестіру құралдарын өзгертпеуге, алып тастамау және жоймауға Осы міндеттерді бұзу кеден тасымалдаушысына мына жағдайда, егер көлік құралы экипажының өміріне және денсаулығына нақты қауіп-қатер, жойып жіберу қаупі, тауарларды немесе көлік құралдарын мүлде жоғалту немесе айтарлықтай бұзылу төнгендігін дәлелдей алса, жауапкершілік жүктемейді.

- өз адамдарын кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдау ережелеріне ү й р е т у ;

- кеден бақылауындағы тасымалдар есебін жүргізуге және ол тіркелген кеден



органына осындай тасымалдар туралы есеп беруді ұсынуға;

- көлік құралдарын тиісті техникалық жағдайда ұстауға және көлік құралдарын жабдықтаудың Жабдықтау ережелеріне үнемі сәйкестігін қамтамасыз етуге;

- өз көлік құралдарына тауарларды тиеу және асыра тиеуді, олардан өз күшімен немесе басқа да кәсіпорындармен немесе ұйымдармен шарт негізінде түсіру және асыра тиеуді қамтамасыз етуге;

- жіберілген кеден органының талап етуі бойынша дереу не осы орган белгілеген мерзімде аялдама, тауарларды түсіру және асыра тиеу орнын өзгертуді, тауарлардың бастапқы орнын өзгертуді, тауарлар орамдарын ашуды, орауды және қайта орауды, теңестіру құралдарын өзгерту, алып тастау немесе жойып жіберуді қамтамасыз етуге;

- авария немесе тежеусіз күш салдары кезінде тауарларды сақтауды және оларды рұқсатсыз пайдалануды болдырмауды қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қолдануға, жақын жердегі кеден органына істің жайы, тауарлардың және көлік құралдарының орналасқан орны туралы ұзартпай хабарлауға, жақын жердегі кеден органына тауарларды тасымалдауды қамтамасыз етуге және кедендік бақылауды қамтамасыз ету үшін осы кеден органы анықтайтын басқа да шараларды алдын ала қолдануға міндетті.

## **6. Тауарларды тасымалдаушы, жөнелтуші, алушы, кеден тасымалдаушысы және кеден органдары арасында өзара қарым-қатынас**

6.1. Тауарларды тасымалдаушы, жөнелтуші, алушы және кеден тасымалдаушысы арасындағы өзара қарым-қатынас шартты негізде құрылады.

6.2. Кеден тасымалдаушысы кеден бақылауындағы тауарларды мүдделі адамдардың бастамасы бойынша немесе жөнелтуші кеден органының шешімі бойынша осы Ереженің 7 бөлімінде көзделген жағдайларда тасымалдай алады.

6.3. Кеден тасымалдаушысының тауарларды тасымалдауы туралы жөнелтуші кеден органының шешімі тауарларды тасымалдаушы, жөнелтуші және алушы үшін, сондай-ақ тасымалдаушысы үшін міндетті болып табылады.

6.4. Кеден тасымалдаушысының тауарларды тасымалдауына байланысты тасымалдаушыда, жөнелтушіде, алушыда туындаған шығыстар тасымалдаушы, жөнелтуші немесе алушы арасында реттелуге жатады және кеден органдары оларды өтемейді.

6.5. Кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдауға байланысты кеден тасымалдаушысында туындаған шығыстар бір жағынан тауарларды тасымалдаушы, жөнелтуші, алушы, екінші жағынан және кеден

тасымалдаушысы арасында реттеуге жатады және кеден органдары оларды өтемейді.

## **7. Кеден тасымалдаушысының тауарларды тасымалдауы**

7.1. Кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдау егер кеден органында әдеттегі тасымалдаушы не оның көлік құралы кеден заңдары ережелерін сақтауға кепілдік бере алмайды деп ойлануға негіз болса, кеден тасымалдаушысына т а п с ы р ы л а д ы .

7.2. Кеден бақылаушысының кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдауы туралы шешімді тасымалданатын тауарлардың сипатын және мәртебесін және тасымалдау жағдаяттарын анықтау нәтижесінде жөнелтуші кеден органының лауазымды адамы қабылдайды. Мүдделі адам кеден органының рұқсатымен өз бетінше кеден тасымалдаушысының қызмет көрсетулерін пайдалануға құқылы.

7.3. Кеден тасымалдаушысының тауарларды тасымалдауы не әдеттегі тасымалдаушының тасымалдауды жалғастыруы туралы шешім қабылдау кезінде:

- әдеттегі тасымалдаушының көлік құралдарын жабдықтауының Жабдықтау ережелерімен белгілеген талаптарға сәйкестігі;

- кедендік алып жүрудің мүмкіндігі (тауарларды, көлік құралдарын және оларға құжаттарды кеден органдары лауазымды адамдарының алып жүруі);

- тауарлар сипаты (акцизделген тауарлар, арттырылған кедендік әкелім төлемдері мен салықтар салынатын тауарлар, мемлекеттік басқа органдар бақылауына жататын тауарлар);

- кедендік мақсат үшін тауарлар мәртебесі (кеден төлемдерін және баждарды, қосымша құнға салықты, акциздерді алмаудың нақты кедендік режимі және экономикалық саясат шараларын қолданбау: квоталау, лицензиялау және т.б. қ о с ы л а м а ) ;

- кеден органында әдеттегі тасымалдаушы туралы бар мәліметтер (кеден органдары алдында міндеттерін адал орындауы, төлем төлеу қабілеттілігі, мүліктің иесі, ұйымдастыру - құқықтық нысаны, негізгі қорлар (қаржылардың) құны, тасымал қызметімен айналысу сипаты (тұрақты немесе бір жолғы тасымалдар, қызметтің негізгі және қосымша түрі), тасымал қызметі нарқындағы танымалдығы және осыған ұқсас басқа да мәліметтер;

- жіберілген кеден органына тауарлардың, көлік құралдарының және оларға құжаттардың жеткізілмегені не тиесілі кеден төлемдерінің төленбегендігінің мүмкін екені туралы ойлауға негіз беретін басқа да факторлар ескеріледі.

7.4. Кеден тасымалдаушысының тауарларды міндетті тасымалдауы:

- тауарлар МПД кітапшасын (МПД Конвенциясы 1975 ж.) қолдана отырып, халықаралық жүк тасымалдау туралы Кеден конвенциясына сәйкес т а с ы м а л д а н а т ы н ;

- тауарлар кедендік алып жүрумен тасымалданатын жағдайларда талап е т і л м е й д і .

7.5. Кеден төлемдерін және салықтарды төлеуді қамтамасыз ету кезінде ( тауарлардың және көлік құралдарының кепілі, тиесілі сомаларды депозитке салу, үшінші адамның кепілі) кеден тасымалдаушысының тауарларды тасымалдауы туралы шешім тасымалдаудың барлық жағдайларын есепке ала отырып және тек қ а н а :

- кеден органдары арасында оларды тасымалдау қажет болатын жағдайда Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым с а л ы н ғ а н ;

- лицензиялауға жататын әкелінген тауарларға;

- мемлекеттік өзге органдардың бақылауына жататын егер осы органдардың бақылауы жүзеге асырылмаса;

- сертификаттауға жататын тауарларға қатысты ерекше жағдайларда қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н .

7.6. Кеден тасымалдаушысы тауарларды тасымалдау кезінде кедендік ресімдеу және жіберілген кеден органына тауарлардың жеткізілуіне бақылау жасау транзиттің кедендік режимін пайдалану және кедендік бақылаудағы тауарларды жеткізуге қатысты Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің нормативті актілеріндегі көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

7.7. Кеден тасымалдаушысы тауарларды тасымалдау осы Ережеге сәйкес өз көлік құралдарында ғана емес және өз көлік жабдықтарын ғана емес сонымен қатар өзге адамдардың тіркемелерін, жартылай тіркемелерін, контейнерлерін және басқа көлік жабдықтарын пайдалану арқылы жүзеге асыруға құқылы.

## **8. Кеден тасымалдаушысының кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдауды есепке алу және олар туралы есеп беру**

8.1. Кеден тасымалдаушысы және оның айрықшаланған құрылымдық бөлімшесі, сондай-ақ кеден органдары кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдаудың есебін жүргізеді.

8.2. Кеден тасымалдаушысының кедендік бақылауындағы тауарларды кеден органдары тарапынан тасымалдауын есепке алуды кеден тасымалдаушысының немесе оның айрықшаланған құрылымдық бөлімшесі қызмет аймағында орналасқан кеден органы жүргізеді.

8.3. Кеден тасымалдаушысының (оның айрықшаланған құрылымдық бөлімшесінің) кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдауын есепке алу N 4 Қосымшада келтірілген нысан бойынша кітап жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Есепке алу кітаптары күнтізбелік жылдар бойынша жүргізіледі. Кітаптар алдын ала тігілуі, нөмірленуі, кітапшалануы және қызмет аймағында кеден тасымалдаушысы немесе оның айрықшаланған құрылымдық бөлімшесі орналасқан кеден басқармасы бастығының, не кеден органы бастығының орнындағы адамның қолымен бекітілуі тиіс.

Соңғы жазу өндірілгеннен кейін есепке алу кітабы кеден органына тексеруге беріледі. Тексеру аяқталғаннан кейін есепке алу кітабы кеден тасымалдаушысына қайтарылады және оны тасымалдаушы кемінде үш жыл сақтайды. Есепке алу кітабын тексергеннен кейін қосымша жазуларды ендіруге және түзетуге болмайды.

Кеден органы лауазымды адамдарына есепке алу кітабы олардың алғаш қойған талабы бойынша-ақ көрсетіледі.

8.4. Кеден тасымалдаушысының кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдауын есепке алуды жүргізуші кеден органы оның нысанын, оның ішінде кеден тасымалдаушысы (оның айрықшаланған құрылымдық бөлімшесі) тіркелген кеден органдарымен мәліметтер алмастыру тәртібін өз бетінше анықтайды.

Кеден тасымалдаушысы тауарларды әрбір тасымалдау кезінде кеден бақылауындағы тауарларды жеткізу кезінде немесе транзиттің кедендік режимі кезінде пайдаланылған кедендік құжаттың қосымша парағын толтырады. Көрсетілген қосымша парақ кеден тасымалдаушысының кеден бақылауындағы тауарларды есепке алуын жүргізген кеден органына жіберіледі.

8.5. Кеден тасымалдаушысы және оның айрықшаланған құрылымдық бөлімшесі тоқсан сайын келесі тоқсанның бірінші айының 5-күнінен қалдырмай, тасымалдауды немесе кеден бақылауындағы тауарларды есепке алуды жүргізуші кеден органына есеп беру кезеңі үшін барлық тасымалдар туралы қорытындыланған есебін ұсынады, ал олар тіркелген кеден органына осы кеден органының шешімі бойынша немесе оның рұқсатымен жүзеге асырылған барлық тасымалдар туралы есеп береді. Есеп беру N 4 Қосымшада келтірілген тасымалдауды есепке алу нысанына сәйкес жасалады, кеден тасымалдаушысы немесе оның айрықшаланған құрылымдық бөлімшесі басшысының қолы қойылады және мөрмен куәлендіріледі.

8.6. Ұйымның тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар болғанымен кеден тасымалдаушысы емес ретінде тауарларды, оның ішінде

кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдауы жалпы тәртіппен жүзеге асырылады және осы Ережеге сәйкес ескерілмейді.

## **9. Кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін доғару**

9.1. Ұйым кеден тасымалдаушысы ретінде:

- кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензияны кері қайтарып алу жағдайында;

- (көлік экспедиторлық) тасымал қызметін жүзеге асыруға лицензияның күшін тоқтату кезінде;

- кеден тасымалдаушысының қалауы бойынша;

- лицензия күшінің мерзімі аяқталған соң, егер ұйым кеден органына осы мерзімнің аяқталуына дейін кеден органдарына осы Ереженің 2 бөліміне сәйкес жаңа лицензия беру туралы қайырылмаса, өз қызметін тоқтатады.

9.2. Кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензия күші мерзімінің аяқталған соң, тасымалдау (көлік - экспедиторлық) қызметін жүзеге асыруға лицензияның күші доғарылған кезде не кеден тасымалдаушысының қалауы бойынша кеден тасымалдаушысы ретінде ұйым қызметін доғару туралы шешім Кеден комитеті басшылығының өкімі нысанында ресімделеді.

Кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензияны кері қайтарып алуға байланысты кеден тасымалдаушысы ретінде ұйым қызметін доғарған кезде қосымша бұйрық (өкім) шығарылмайды.

9.3. Кәсіпорын кеден тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензияны кері қайтарып алу туралы шешім қабылдау кезінде кеден бақылауындағы олардың тауарларды тасымалдауын есепке алуды жүргізетін кеден органына осы Ереженің 8.5. тармағында баяндалған тәртіпке қатысты кеден тасымалдаушысы ретінде осы кәсіпорынмен орындалған барлық тасымалдар туралы есеп беруге міндетті.

## **10. Кеден тасымалдаушысының жауапкершілігі**

10.1. Кеден тасымалдаушысы кеден төлемдері және салықтарды төлеуді қоса отырып, жіберілген кеден органының рұқсатымен осы органға тауарларды жеткізгеннен кейін тауарлар жеткізілген не осы тауарларға қатысты уәкілдігі бар адамға тауарларды іс жүзінде берген жердегі уақытша сақтау қоймасының иесіне тауарларды іс жүзінде беруге дейін кеден органдары алдында жауап береді.

10.2. Кеден бақылауындағы тауарларды жеткізу немесе транзиттің кедендік режимі кезінде пайдаланылатын, жіберілген кеден органының лауазымды адамы "Тауар келіп түсті" мөртаңбасын қойған, осы лауазымды адамның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген құжат тауарлардың жеткізілуін растайтын



11.5. Өзгертулерді лицензияға өндіруді талап ететін өзге мәліметтерді кеден тасымалдаушысының өзгертуі кезінде бұрынғыларды, ал өзгертілген бөлігінде - жаңа мәліметтерді көрсете отырып, лицензияның жаңа бланкісін толтыру жолымен лицензияны қайта тіркеу жүргізіледі. Лицензияның бұрынғы реттік нөміріне алфавитпен анықталған әріптік белгілердің реттілігі қосылады.

Қ а з а қ с т а н                                        Р е с п у б л и к а с ы  
М и н и с т р л е р                                      К а б и н е т і  
ж а н ы н д а ғ ы                                        К е д е н                                        к о м и т е т і н і ң  
К е д е н    т а с ы м а л д а у ы с ы                                        т у р а л ы  
е р е ж е с і н е  
N 1 Қосымша

\_\_\_\_\_

(кәсіпорынның толық атауы)

## Өтініш

\_\_\_\_\_ кеден тасымалдаушысы  
(республикалық, аймақтық)  
ретінде \_\_\_\_\_ аумағында  
( о б л ы с )  
қызметті жүзеге асыруға лицензия беруді өтінемін  
Кәсіпорын туралы төмендегілерді хабарлаймын:

1. \_\_\_\_\_  
(толық және қысқартылған заңды атауы, ЖКҰЖ коды, заңды және  
іс жүзіндегі мекен-жайы, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің  
т і р к е у н ө м і р і )

2. \_\_\_\_\_  
(ұйымдастыру - құқылық нысаны және кім құрды)

3. \_\_\_\_\_  
(кәсіпорынның теңгелік және валюталық шоттары; осы есептер  
ашылған банктердің атаулары, ЖКҰЖ коды және мекен-жайы)

4. \_\_\_\_\_  
(кәсіпорын қызметінің түрлері)

5. \_\_\_\_\_  
(көлік-экспедиторлық) тасымал қызметін жүзеге асыруға лицензия  
беру күні және нөмірі; лицензия берген орган; лицензия  
к ү ш і н і ң м е р з і м і )

6. \_\_\_\_\_  
(жабдықталған көлік құралдарына жататын бар түрлері және саны)

7. \_\_\_\_\_  
(елді мекендердің (егер кедендік ресімдеу орны елді мекендерден, тыс ірі қалалар аудандарынан тыс болса, аудандардың) тізбесі) ең болмағанда бір көлік құралының 24 сағат ішінде келуі бойынша міндетті кәсіпорын өзіне алады)

8. \_\_\_\_\_  
(айрықшаланған құрылымдық бөлімшелердің тұрған орны)

9. \_\_\_\_\_  
(лицензия беру туралы шешім қабылдау үшін пайдаланылуы мүмкін  
ө з г е м ә л і м е т т е р )

|                     |                             |
|---------------------|-----------------------------|
| Кәсіпорын жетекшісі | қолы аты-жөні               |
| К е д е н           | т а с ы м а л д а у ш ы с ы |
| т у р а л ы         | Е р е ж е г е               |
| № 2 Қосымша         |                             |

**Қазақстан Республикасы**  
**Мемлекеттік елтаңбасының**  
**бейнесі Қазақстан Республикасы Министрлер**  
**Кабинеті жанындағы Кеден комитеті**  
**Кеден тасымалдаушысы ретінде қызметті**  
**жүзеге асыруға**  
**№ лицензия**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті  
осы Ережемен \_\_\_\_\_

(кәсіпорынның атауы және заңды мекен-жайы)

\_\_\_\_\_ (к ө л і к т ү р і )  
\_\_\_\_\_ кеден тасымалдаушысы ретінде

(р е с п у б л и к а л ы қ , а й м а қ т ы қ )

\_\_\_\_\_ аумағында қызметін жүзеге асыруға

( а й м а қ )

р ұ қ с а т е т е д і .

Кеден органдары алдында жауап беруді қамсыздандыру шарты

№ \_\_\_\_\_ сомаға

Осы лицензияның күші бар мерзімі 199\_\_ж " \_\_\_\_\_ "

аяқталады.

\_\_\_\_\_  
(кеден комитетінің уәкілдігі)



**Ескерту.** Қамсыздандыру шарты бағаның қызмет аймағында кеден тасымалдаушысы қызметін жүзеге асыруды болжамдайтын кеден органы толтырады.

К е д е н \_\_\_\_\_ т а с ы м а л д а у ш ы с ы \_\_\_\_\_ т у р а л ы  
Ережеге N 3 Қосымша

**Кеден тасымалдаушысының тіркеу  
карточкасы**

1. Кеден тасымалдаушысы (толық және қысқартылған атауы; ЖКҰЖ коды) | 4. Кеден тасымалдаушысының (айрықшаланған құрылымдық бөлімшенің) заңды және іс жүзіндегі мекен-жайы

2. N \_\_\_\_\_ Лицензия \_\_\_\_\_ дейін қолданылады | 5. Қызмет аумағы  
Кеден органдары алдында жауап беруді қамсыздандыру шарты |  
N \_\_\_\_\_ сомаға \_\_\_\_\_

3. Теңгелік және валюталық шоттар, осы шоттар ашылған банкілердің атауы, олардың ЖКҰЖ | 6. Көлік құралын шақырту үшін телефондар, телефакстер, телекстердің нөмірлері  
к о д ы

7. Көлік құралының түрі | 8. Саны

9. Көлік құралының жіберілгендігі туралы куәліктің нөмірі

10. Өзге ақпарат | 11. Кеден тасымалдаушысының кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдау есебін жүргізуші Кеден органы

| 12. Жүргізуді бастау күні  
| Кеден органы лауазымды адамның

| тегі, аты-жөні, лауазымы, қолы  
| мен жеке нөмірлік мөрі

ҚР МК жанындағы КК 1995 ж.  
25 қыркүйегіндегі N 125-П  
Бұйрығымен бекітілген  
кеден тасымалдаушысы  
Ережесіне  
Қосымша N 4

**Кеден бақылауындағы тауарларды кеден  
тасымалдаушысының есепке алу  
Кітабы**

| N | Күні | Жөнелтуші | Жіберілген | Алушы жөнелтуші | Автомашинаның |
|---|------|-----------|------------|-----------------|---------------|
|   |      | кеден     | кеден      | (атауы,         | мемлекеттік   |
|   |      | органы    | органы     | мекен-жайы)     | нөмірі және   |
|   |      |           |            |                 | маркасы       |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
|---|---|---|---|---|---|

| ІТҚ     | Тауар  | Орынның | Брутто  | Валюта          | Тауар және       | Ұйым     |
|---------|--------|---------|---------|-----------------|------------------|----------|
| нөмірі, | (атауы | саны    | салмағы | және фак.       | ілеспе құжаттар  | жетекші. |
| КЖД     | код)   |         | (тонна) | туралық         | жіберілген кеден | шісінің  |
| нөмірі  |        |         | құны    | органына (күні) | қолы             |          |
|         |        |         |         | ұсынылды        |                  |          |

| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
|---|---|---|----|----|----|----|
|---|---|---|----|----|----|----|